

6. Как в СНГ планируют преодолеть последствия пандемии. Итоги круглого стола с участием экспертов стран Содружества на полях Экономического форума СНГ // URL: <https://e-cis.info/news/566/91213/?ysclid=lavu4idn80340908469>

7. Год пандемии: как Казахстан справлялся с коронавирусом // URL: <https://strategy2050-kz.turbopages.org/strategy2050.kz/s/ru/news/god-pandemii-kak-kazakhstan-spravlyalsya-s-koronavirusom-/>

8. Выдержанные меры: как россияне пережили год пандемии // URL: <https://iz.ru.turbopages.org/iz.ru/s/1143927/anastasiia-platonova-mariia-perevoshchikova-dmitrii-grinkevich/vyderzhannye-mery-kak-rossiiane-perezhili-god-pandemii>

9. Год коронавируса: Как проходила пандемия в Кыргызстане // URL: <https://kabar.kg/news/god-koronavirusu-kak-prokhdila-pandemiia-v-kyrgyzstane/?ysclid=lavumjf5oo910319752>

10. ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ НА ФОНЕ ПАНДЕМИИ: НЕ РАСПАД, А СПЛОЧЕНИЕ // https://www.ng.ru/dipkurer/2020-04-26/9_7853_europe.html?ysclid=lavwo0x7qr844393611 URL: <https://kabar.kg/news/god-koronavirusu-kak-prokhdila-pandemiia-v-kyrgyzstane/?ysclid=lavumjf5oo910319752>

XX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Қасымжанова Ж.Е., Амрина М.С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Электрондық адресі: zhibek.kasymzhanova@bk.ru
Қарағанды қ.

Қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі гендерлік саясат, әйел құқығы тақырыптары. Сол әйел құқығы, бостандығы мәселесі XX ғасырд бас кезінен бастап қарастырылған мәселенің бірі. Сол кезеңдерде теңдік мәселесін кеңінен Қазақ баспасөз беттеріне мақала жазып, қазақ әйелдері туралы қазақ жазушылары жазған болса, Түркияда Ататүрік реформалары негізінде өзекті мәселе ретінде қарастырылды. «Айқап» журналы қазақтың ұлттық ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру арқылы баспасөз бетіне қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді тұрақты шығарды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті маңына топтасқан қазақ зиялылары мынадай төрт мәселе көтерілгенде пікір таластырып, пікірлері кейде тоғысып, кейде қақтығысып жатты. Олар – жер, яки отырықшылық тұрмысқа көшу, бас қосу (жалпықазақ съезін шақыру), емлені бір ізге түсіру және мүфтилік. Бұл орайдағы таластар тартыстар қоғамдық ойға қозғау салып, ел санасының сергек тартуына әсер етті. «Бостандық, теңдік, оқу-білім, мәдениет» деген мәнді сөздер елдің «жүрегі мен тілінде ойнай бастады». Елдің бір-бірімен пікір алысуына, тұтасуына, бірегейліктің қалыптасуына әсер етті [1,396]. Менің түсінігімде, қазақ зиялыларының Айқап журналында әйел теңдігі мәселесін қозғауы әйелді ана, бала тәрбиесіндегі басты тұлға деп санауында. Айқап журналынан: Сақыпжамал Тілеубайқызы, Күлайым Өтегенова, Мағрипа Қойбағарова, Мариям Сейдалина деген есімдерді оқуға болады, бұл Айқап журналындағы мақала жазуында қазақ әйелдерінің де үлесі болғанын көрсетеді.

Мұғалім Файсалірахман Жиһандаровтың «Қазақ қарындастарыма» деген мақаласында оқудың, жазудың пайдалы екенін. Газет-журналға мақала жазса немесе оқыса бұның дінге қарсы еместігін түсіндіргісі келді. «Құрметті қазақ қарындастарым! Мен сіздердің тұңғыш балаңыз орнында үмітті ең бірінші журналыңызға құтты болсын айтып, бір-екі сөз жазамын. Сіздер Россия қоластында алты миллиондай халықсыз. Сіздерге әлдеқашан өз жайларыңызды жазып тұруға, өзіңізді басқа халыққа танытуға һәм халық арасына пікір, ой таратуға бір журнал керек еді. Оның керектігін оқыған адамдарыңыз, шығаруға талаптанса да түрлі себеппен болған жоқ еді. Мінеки, Серәлин Жәнапләрі өзінің үміті һәм халқына болған

махаббаты арқасында бұл «Айқапты» шығарды. Енді мұны алға жіберу һәм оның пайдасын көру сіздердің мойныңызға борыш. Сіздер жаңа ғана оянып келе жатқан халық болғандықтан бәлкі журналдың халық үшін қандай пайдасы барлығын жете ойламассыздар. Бірақ дүниеге көз салып қарасаңыз, дүниедегі халықтың барлығын сол газет-журнал арқасында ілгері кеткенін көресіз. Бұл заманда халықтың ғылым, өнер дәрежесі газет һәм кітаптардың көптігі-аздығыменен бай қалады [2, 75]. Бағызы бір молдалар газет-журнал шарифатта жоқ, оны оқуға болмайды деп айтады. Бұлар бұрын газет көрмегендіктен, оның не екенін біле алмай қапаланып айтады, болмаса газет шарифат қосуы бойынша пайдалы саналады» [2, 76].

Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қызының аталарына» деген мақаласында сол кезеңдегі қыздарға байланысты өзекті мәселелері сөз болған. «Қымбатты аталар! Біздағы сіздердің ер балаларыңыз секілді балаларыңызбыз. Ер балаларыңыз қанша жақсы, білімді, үлгілі болса, соншама сіздерге абыйыр емес пе?! Сол сияқты біздер де білімді, үлгілі болып, надан болмай, тәрбиелі болсақ, сіздерге абыйырлы болмас па едік? Шарифат бұйрығынша ер бала мен қыз бала тең болуға тиісті. Ер баланы артық көріп тәрбие қылсын да, қыз баланы кем көріп тәрбие қылмасын деген шарифат бар ма? Қыз баланы кемге тұтыну жаһиттік белгісі емес пе? Осы белгілі сын аталарға нық орнап қалған секілденеді. Неге десеңдер, сіз қыздарыңызды тәрбиелеуде кем тұтынасыз. Кем тұтынғандығыңыз ер балаларыңызды оқытасыз да, қыз балаларыңызды оқытпайсыз. Қыздарымыз оқыса бұзылады дейсіз де біздерді оқудан махұрым қалдырасыз. Бұрынғы ғаялдардың бұзылғандары оқығаннан бұзылған ба екен? Мұны ғақылыңызға салып неге қарамайсыз? Адамды оқу бұза ма екен? Біле білсеңіздер ең әуелі жақсылап қыз баланы оқыту тиіс. Тиіс екендігі мынау: Бұл қыздар түбінде балаларға болашақ ана, ана болған соң бала тәрбиелеу олардың жұмысы болады. Баланы тәрбиелеуші ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алмайды. «Алып анадан» деген ғой. Баланың әдепсіз жаман болып шығуы надан ананың дұрыстап баласын тәрбие қыла алмағандығынан болады. Болмаса бала іштен әдепсіз жаман болып тумайды. Біздер ғаял болған соң қала, далаға шығып оқи алмаймыз, соның үшін біздерді адам болсын деп қайғырсаңыздар біздерді ауылда оқытуға тырысыңыз» [2,37], деп қыздарды оқыту мәселесін жазған. С. Тілеубайқызының бұл мақаласынан сол кездегі қыздардың қоғамдағы ролы төмен болғанын, гендерлік теңдік мәселесінің кең етек алғанын көрсетеді.

Журналдың тағы бір санында «Нақақ төгілген көз жасы», атты мақалада ХХ ғасырдағы қыздардың өзекті мәселесі, жастай тұрмысқа беру туралы баяндалған. «Міне бұған мысал қылып Қостанай уезі, Сары болысындағы бір отағасының ісін көрсетейін: отағасы шикі надан, өзі бай кісі. Әлпештеп өсірген 16 жасар Мағрифа деген аяулы қызы бар. Бас-аяғы түзу бала болған соң маңайдағы жақсы да, жаман да құда болғысы келді. Ақырында Расұлим медресесінен хәтім қылған жаңа талап бір молдаға қызының көңілі түсуі себепті бермекші болды. Молда да әкесі надан болса да құдайдың бұйырғаны осы шығар деп, халық айтқан соң, 500 теңге мир ақыға көнді. Артынан қыз әкесі «әлден-ақ баланың ырқына жүргеніңіз бе?» деген кейбіреулердің сөзіне еліріп қызын жылатып қырыққа келген қырықпа сақал, қатыны өлген бір мақұлыққа берді. Қыздың әлі келетіні баяғы көз жасы. Жалғыс басы, жылаудан басқа шама жоқ, құдайдан басқа пана жоқ болып, бордай егіліп тұрған жайы бар, аман тұрса, шығар әлі қазақтан не сұмдық, не зорлық шықпас дейсің. Іштені шыққаны жылан тұрсын, періште болса да қазақ қызын жылатпай қоймайды, жылатып сатудан тоймайды», делінген [3,139]. Мақала 1913 жылы Айқап журналының №19 санында жарияланған [4, 34].

«Қыздан сорлы пенде жоқ деген өлең бөтен халықта жоқ һәм болуға да тиісті емес. Неге десеңіз, олардың қыздары сорлы болмайды. Жас ғұмырын рахатта өткізіп, ер жеткен соң Алланың қосуы бойынша ерге шығады, ана болады. Ал енді біздің қыздарымыз жас ғұмырында рахат көрмейді. Һәм ержеткен соң ерге Алланың қосуы бойынша шықпайды. Торы шалақ байтал есебінде сатып алушыға күң болып, ата-анасына шай-су болады. Енді осындай ой тіріліп, ұйқы кетіңкіреген, жаманнан жиіркеніп, жақсының иісі жақсының иісі мұрынға кіре бастаған кезде бауырларымынан өтінетінім мынау:

-Құда болып, құдай десін, бір жасар балаға бір жасар қызды айттырып қоюды тастаңыз, әйел затын кем көрмей, еркекпенен тең көріңіз. Қатынымыз күң болса, баламыз құл болады.

Көрмей, сүймей некеленген себепті арада арада махаббат болмайды. Сол себепті іреніш көбейіп, ауру жайылып, тұқым бұзылып, халықтың құруына себеп болады. Соның үшін бар күшімізбен осы кемшілікті бітіруге ыждаһат қылайық»[3,169], деп журналда жарияланған «Қатын алу, ерге шығу» деген мақалады әйел теңдігі туралы жазылған.

«М.Сералин әйелдердің тең құқықтарын қамтамасыз ету, олардың қоғам мүшесі ретіндегі қадір-қасиетін төмендететін әдет-ғұрыптармен, көзқарастармен күресу мәселесін көтерді. Ол өзінің алғашқы өлеңдерінің бірін осы тақырыпқа арнады, бірқатар публицистикалық мақалалар жазды. 1903 жылы жазылған «Гүлқашима» поэмасы қазақтардың артта қалған қоғамындағы махаббаттың биік сезімін, оның қасіретін баяндайды. Ол публицистикалық мақалаларында оқырмандарына, «сауатты» халық өкілдеріне: «Бізді өмірге әкелген, өзіміздің анамыз, туған әпкелеріміз болған әйелдердің мал сияқты саудаға салынғаныөзіміз үшін ұят емес пе? Аналарымыз құл сияқты жеке бас бостандығынан айырылса, біз солардан туған аянышты емеспіз бе?», деп жазған. М.Сералин әйелдер мәселесіне әлеуметтік өткірлік берді, қазақ әйелдерінің теңдігі үшін күрескендер активін құрды. Журнал редакциясына бұл мәселеге байланысты даланың түкпір-түкпірінен көптеген хаттар келіп жатты. Бұл бағыттағы нақты іс М.Сералиннің қазақ тарихындағы ерекше құбылыс болған журналдың авторы ретінде білімді қазақ әйелдерін тартуы болды. Олардың қатарында: Сақыпжамал Тілеубайқызы, Күлайым Өтегенова, Мағрипа Қойбағарова, Мариям Сейдалина болды[5,123].

Гендерлік саясат мәселесі ХХ ғасырдың басында тек Қазақстанда ғана емес Түркия елінде де өзекті болды. Түркия елінде әйел құқығы мәселесі Мұстафа Кемаль Ататүрік реформалары кезінде бекітілген. Кемал Ататүрік 1923 жылы 23 наурызда Конья қаласында сөйлеген сөзінде: "түрік әйелінің күш-жігерін және оның ерекше биік, асқақ, қымбат құрбандықтарын үлкен ризашылықпен еске алу керек. Осы және алдыңғы соғыстарда халықтың күресу қабілетін қолдаған әйелдер екенін ешкім жоққа шығармайды"[8].

Ататүрік өз сөзімен түрік қоғамын алдағы әйелдер құқығын реформалауға дайындады. Мысалы, 1923 жылы Измирде сөйлеген сөзінде ол әйелдердің рөлін жоғары бағалай отырып, білімді азаматтарды даярлау қажеттілігі туралы сұрақ қойды: "Біз аналарымыздың арқасында адам болдық. Олар қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Бірақ бізде бар деңгей қазіргі қажеттіліктер мен қажеттіліктерге сәйкес келмейді. Басқа көзқарастары бар жетілген адамдар қажет. Бұл адамдарды әйелдер тәрбиелейді" .

Ататүрік " әйелдер де білімді болады және олар ерлер сияқты білімнің барлық сатыларынан өтеді. Әйелдер ерлермен қатар жүреді және бір-біріне көмектеседі, қолдау көрсетеді" , деп айтқан.

Ататүрік ұсынған және түрік әйелінің жағдайына тікелей әсер еткен маңызды реформалардың қатарына мыналар жатады: "Tevhidî Tedrisat Kanunu" бірыңғай білім туралы Заң (1924), ол әйелдерге мужчермен қатар білім алуға мүмкіндік берді; "Kiyafet Kanunu" сыртқы келбеті туралы Заң (1925); "Turk Medeni Kanunu" Азаматтық кодексі (1926), әйелдердің құқықтық мәртебесін түбегейлі өзгертті және оны правермен теңестірді[8].

Ататүрік жүргізген реформалар, сауатсыздыққа, феодалдық қалдықтарға, әсіресе әйелдерге қарсы күресте маңызды рөл атқарды. Алайда, өзгерістер қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының тереңдігіне әсер етпеді, сондықтан әйелдердің мәртебесін ішінара өзгертті. Реформалар әйелдердің қоғамдық санасында теңдік идеалдарын таратуға, оларды қоғамдық-өндірістік қызметке тартуға ықпал етті.

1925 жылы қарашада Парламентте Түркия аумағындағы сопылық бауырластықтардың барлық мекендерін жою туралы шешім қабылданды. Алайда іс жүзінде реформалар тек астанада және ірі қалаларда жүзеге асырылды. Жаңашылдық ғасырлар бойғы патриархалдық дәстүрлерге назар аударуды жалғастырған ауыл тұрғындарының көпшілігіне үстіртін әсер етті. Посткемалистік мемлекеттің діни салаға араласуы жергілікті жерлерде діннің қоғамдағы рөлін қалпына келтіруге деген ұмтылысты тудырды. Одан әрі саяси партиялар сайлаушылардың дауыстарын тарту үшін діни факторды қолдана бастады. Нәтижесінде көптеген адамдардың жанашырлығы өз бағдарламаларында Ислам мұраттарына адалдық

туралы мәлімдеген саяси партиялардың жағында болды. Әйелдер мәселесінде саяси күштер Исламның дәстүрлі көзқарастарымен байланысты психологиялық және этикалық құндылықтарды алға тарта бастады. Бұл тенденция біртіндеп күшейе түсті, оны келесі сандар растайды: 1935 жылғы сайлауда. Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының құрамына 18 әйел немесе депутаттардың жалпы санының 4,5% сайланды, ал 50 жылдан кейін Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысына сайланған әйелдердің саны тек 0,6% құрады[8].

XX ғасырда да өзекті болған әйел құқығы, гендер мәселелері қазіргі Тәуелсіз Қазақстан қоғамында да маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі Қазақстанда гендерлік теңдік саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жүргізіледі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағында: "Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды" делінген [6].

«Перед казахстанским обществом стоит задача по формированию и развитию гендерных ценностей, основанной на стратегии гендерного равенства прав и возможностей мужчин и женщин. Данная задача соответствует государственной гендерной политике, обозначенной в Стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы, утвержденной Указом Президента в 2005 году. Для решения обозначенной задачи необходимо реализация комплекса мер экономического, социально-психологического, психолого-педагогического, правового плана по укреплению и повышению статуса института семьи, как агента гендерной социализации, а также проведению профилактических и образовательно просветительских мероприятий» [7, 377], осы тұжырымдама қазіргі кезде толығымен мектеп бағдарламасы аясында жүзеге асыралмаса да, тәрбие сағаттары кезінде оқушыларға «Ұлдар және қыздар тәрбиесі», т.б. тақырыптар негізінде жалпы түсінік берілуде. Ұлдар және қыздар тәрбиесі тақырыбы аясында 16.02.2022 ж. Қарағанды қаласы Назарбаев зияткерлік мектебінде 8 «С» сыныбында тәрбие сағатын жүргіздім, тәрбие сағатының негізгі мақсаты оқушыларға гендер ұғымын түсіндіру болды. Сабақ соңына қарай оқушылар арасында кішігірім диспут ретінде сұрақтар қойылды және сол сұрақтар бойынша қазіргі еліміздің өсіп келе жатқан жас буынында гендерлік саясат, әйел құқығы туралы дұрыс түсініктің қалыптасқанын байқадым.

Қорытындылай келе, «Айқап» қазақ баспасөзінің, қазақ елінің алғаш шыққан журналы. Ең бірінші кезекте бұл журнал бізге осынысымен ерекше. Екіншіден бұл журналды ашып, жариялауда қазақтың XX ғ. қиын кезеңдегі саясаттан қорықпай елді білімге, оқуға шақырған сол жолда аянбай тер төккен қазақтың зиялы қауым өкілдері М.Сералин, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов сынды ұлттық интелегенттеріміздің еңбектері бізге бағалы әрі қымбат дүние. Сол кездегі зиялылар идеясы, көксегені де осы тәуелсіздік болатын. Төрт жыл баспа бетін көрген «Айқап» журналы қазақ елі үшін ғасыр қызмет еткендей із қалдырғаны сөзсіз. Айқап жер, білім, дін мәселелерімен қатар әйел құқығы мәселесінде сөздеріне тиек еткен. XX ғасыдағы ең өзекті мәселелердің бірі - әйел еркіндігі болған. Жас қыздардың бай-шонжарларға сатылуы қазақ зиялылары арасында үлкен резонанс тудырған. Және қыздарға оқу-білім үйретуге қарсылықтар болған. Көп жағдайда оқу арқылы орыстанып, бұзылып кетеді деген ойларды жоққа шығару үшін мақаларды көптеп жазған. Әйелдің қоғамдағы ролы маңызды деп білген. Елдегі зиялы қауым өкілдерін тәрбиелейтін ана, егер сол ана үй тірлігімен айналысып оқу-білімге немғұрайлы қарайтын болса бала тәрбиесіне де кері әсері болатыны анық. Қазақ қоғамында ерте кезден әйел құқығы жоғары қойылған. Қыз балаға деген құрмет сол кездегі салт-дәстүрлерден көрініс табады. Алайда қазіргі таңда, әйел құқығын бұзатын фактілер жиілеп тіркелуде. Қазақ жерінде әйел құқығы мәселесі халыққа толығымен жетуі баспасөз беттерінде жарияланды, сонмен осы кезеңде Түркия елінде де әйел құқығы өзекті тақырып болды. Патриархалды көзқараста болған халыққа әйелдің оқуы, саясат айналасына араласа қатысуы жат болған. Гендер сөзі - ағылшын тілінде ер және әйел деген мағынаны білдіреді. Гендерлік саясат алғашында батыс елдерінен өз бастауын алған. Бүгінде, бұл термин өз елімізде де кеңінен таралып келеді. Менің ойымша әйел бостандығы, теңдігі мәселелері қазіргі таңға дейін өзекті болып табылады. Әйел құқығын қорғау, гендерлік теңдік

мәселесін қозғау мақсаты әйелдерді еркектерден биік қою, феминистік көзқарасты қалыптастыру емес, олардың өзіне тиесілі орнын айқындап беру. Жазылған деректерге қарап гендер мәселесі қазір ғана пайда болмағанын көреміз. Керімінше ерте заманнан өз басыауын алған мәселе қазірде ізекті болып табылады. Гендерлік саясат проблема ретінде емес, оны еліміздің қабылдай алған дұрыс көзқарасы ретінде қалыптастыру құба-құп шешім болады.

XX ғ. өзекті болған әйел құқығы мәселесі қазіргі таңда тәуелсіз қазақ қоғамында өз шешімін табуда. Бүгінде, гендер мәселесі біздің еліміздің ғана емес, барлық елдің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Патриархалды көзқараста болған елдерде қабылданған барлық заңдар, енгізілген баптар біздегі әйел құқығының белгілі бір дәрежеде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсекеев Қ. Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журналы Айқап // Асқаров Н. Ұлттық кәсіпқой журналистиканың бастауы – «АЙҚАП» журналы. – Алматы : ҚазҰУ, 2016. – 150 б.

2. Қайрат С. Алаш көсемсөзі: дін мәселесі. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 400 б.

3. Субханбердина Ү., Дәуітов С. Айқап. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. - 370 б.

4. Субханбердина Ү. Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1995. - 305 б.

5. Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. – 165 с.

6. ҚР Конституциясы. Конституция Республики Казахстан. Қаулы ҚР Конституциялық кеңесі 1999 ж. 29 наурыз №7/2 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

7. Тажин М.М. Гражданское общество и социальный прогресс в XXI веке // Кабакова М. П. Психологические аспекты формирования и развития гендерных ценностей в семье и обществе. – Алматы: Ассоциация Социологов Казахстана, 2008. – 577 с.

8. Мустафа Кютюкчю. Формирование прав женщин в процессе культурных и общественных преобразований в Турецкой Республике // https://vk.com/doc294185872_651796233?hash=8lvKlIxdbOLOCLGJfYdmFK39gZ0kZtpiEJvqVazVF1T&dl=fzyI41z7oEfmfIKqZ6vZiFbs0rUfQMREePzewvAXM8c

РАЗВИТИЕ МИРОВОЙ ТОРГОВЛИ В ПЕРИОД МОНГОЛЬСКОГО НАШЕСТВИЯ

Сәдуақас Ә.Д.

Научный руководитель: доктор PhD, доцент Кабылтаева С.К.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

a-mir2002@mail.ru

г. Астана

В конце XI в. монголы были одним из многочисленных племен, живших на северной границе Китая и степного мира. Один из современников описал их как «животных, которые не руководствуются верой или законом, а просто переходят с места на место, словно пасущиеся стада» [1]. Другой писатель отмечает, что они считали грабеж, жестокость, аморальное поведение и дебош признаками мужественности и совершенства». Их внешность также считалась отвратительной: так же, как и гунны в IV в., они носили «шкуры собак и мышей» [2]. Так относились к кочевым племенам и их образу жизни сторонние наблюдатели. Хотя монголы казались порождениями хаоса, кровожадными и абсолютно ненадежными, их триумф все же не был чем-то беспорядочным - совсем наоборот именно, тщательное